ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 21 қараша №2/14120/2024 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Қ.Қанбаев оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 6636 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Сарсенбинов» жеке кәсіпкері Сарсенбинов Зилимхан Елюбаевич

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, судья

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 6636 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің талабы қанағаттандырылсын.

«Сарсенбинов» жеке кәсіпкері Сарсенбинов Зилимхан Елюбаевич мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын және мемлекет кірісіне 21 500 (жиырма бір мың бес жүз) теңге тұрақсыздық айыбы, 2 491 (екі мың төрт жүз тоқсан бір) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы сотқа арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана

қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурордың апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Қанбаев

Құжатқа қол қойылған: Канбаев А. К., 21.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 30.12.2024, судья Канбаев А. К., 30.12.2024

7119-24-3-1/13585